

## Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 шілдедегі № 122 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 тамызда № 5946 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 7 қыркүйектегі № 268 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 07.09.2022 № 268 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың XV сессиясының төрағасы:*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

*Ж.Коланова*

*К.Назымбеков*

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы " 27" шілдедегі XV сессиясының №122 шешіміне қосымша

## Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 24.05.2019 № 296 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысандары	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,00
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,20
2	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	0,61

3	Қонақ үйлер	1 орын	0,71
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,00
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банкілері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,91
6	Емханалар	1 келіп кету	0,05
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,12
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,57
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,13
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,25
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,07
13	Спорттық, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,24
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,64
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1,20
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,38
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базарлары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,14
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базарлары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,05
19	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м2	0,25
20	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,23
21	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, автомобильді май құю бекеті, гараждар	1 машина-орын	1,50
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,95
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,17

24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,31
25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,32
26	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	2,48
27	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,12
28	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	0,09

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

м2 - шаршы метр;

м3 - текше метр.